

Пайдаланушының нұсқаулығы

Оқу уақыты: 5-10 минут

▼ Мазмұны:

1-қадам. tazaqazaqstan.kz сайтына кіру


2-қадам. Өтініш беру

Дайын! Сіздің өтінішіңіз жабық.

Таза Қазақстан- бұл "Таза Қазақстан" ауқымды науқаны аясында өтініш беру сервисі. Мұнда еліміздің әрбір тұрғыны қала мен экологияның проблемалары туралы хабарлай алады!

1-қадам. tazaqazaqstan.kz сайтына кіру

tazaqazaqstan.kz сайтына кіру үшін, браузеріңіздің іздеу жолағына сайттың атауын енгізіңіз.



Сізге сайттың басты беті ашылады. Сайтты ашқаннан кейін төмендегі батырмалар бойынша екі сілтеменің бірін таңдау керек.

1. Өтініш беру;
2. Қызметкерлерге арналған;

Таза Қазақстан

Таза Қазақстан — это сервис подачи заявок в рамках масштабной акции «Таза Казахстан». Здесь каждый житель страны может сообщать о проблемах города и экологии!

 Подать заявку

Для сотрудников

«


Благоустройство и озеленение нашей страны – дело огромной государственной важности. Это не разовая кампания, а общенациональная задача. Такая работа должна проводиться регулярно.

Мы должны заботиться о Казахстане - это должно стать образом жизни. Весь Казахстан должен быть чистым, а это зависит от нас и молодежи.

Касым-Жомарт Токаев, Президент Республики Казахстан

Төменде сіз өтініш берудің қысқаша сипаттамасымен және сервистің қалай жұмыс істейтінімен таныса аласыз.

Как подать заявку



- 1 Войдите в личный кабинет
На сайте или через Telegram-бота
- 2 Загрузите фото
С устройства или сделать снимок прямо на сайте
- 3 Укажите место и подробности
Отправьте заявку на рассмотрение и ожидайте обратной связи

Өтініш беру 3 негізгі қадамда жүзеге асырылады:

- Телеграм арқылы өтініш беру;
- Фотосуретті жүктеу;
- Орын сипаттамасы және өтінішке түсініктемелер.


Өтініш берумен толығырақ танысу үшін ағымдағы нұсқаулықтың 2-қадамына өтіңіз.

Төменде операторлардың өтініштерді пысықтауы қалай жүретіні қысқаша сипатталған.

Как это работает

1 Отправляете заявку на проверку

Она обрабатываются вручную - распределяются ответственные структуры и назначаются сроки.



2 Исполнитель закрывает заявку


К заявке прилагается фотоотчет и сопроводительный комментарий по необходимости.

Өтініштерді пысықтау 3 негізгі қадамнан тұрады:

- **Өтінішті Жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қолмен өңдейді, бөлу, мерзімді және жауапты маманды тағайындау жүргізіледі;**
- **Орындаушы фотоесепті және қажет болған жағдайда ілеспе түсініктемені қоса бере отырып өтінішті орындайды;**
- **Өтініш берушіге өтініштің орындалу сапасын бағалау және түсініктеме қалдыру мүмкіндігімен хабарлама жіберіледі.**

3 Даете обратную связь

Вы получите уведомление о выполнении заявки. Пожалуйста, проверьте работы и закройте заявку с оценкой и комментарием.



2-қадам. Өтініш беру

Өтініш беру үшін tazaqazaqstan.kz сайтының басты бетіндегі "Өтініш беру" батырмасын басыңыз.




Таза Қазақстан


Таза Қазақстан — это сервис подачи заявок в рамках масштабной акции «Таза Казахстан». Здесь каждый житель страны может сообщать о проблемах города и экологии!




Сіз Телеграмм ботқа өтпелі бетке бағытталасыз. "Telegram Desktop қолданбасын ашу" батырмасын басыңыз.





Немесе сіз қолданбаның өзінде ботты іздеуді пайдалана аласыз. Ол үшін Telegram қолданбасына кіріңіз, содан кейін жоғарғы жағындағы іздеу жолағына (чаттар мен топтарды іздеу үшін) Taza qazaqstan немесе @tazaqazbot атауын енгізіп, ботқа өтіңіз.



Сізге сәлемдесу сөзімен бастапқы бет ашылады.



Ботты жұмысты бастау үшін "Бастау" батырмасын басыңыз. Осыдан кейін сіз "Өтінішті" жасау батырмасын баса аласыз немесе экранның төменгі сол жағындағы мәзірді аша аласыз.





Мәзірді ашқан кезде сізге 3 әрекет қол жетімді болады:



- **Жаңа өтініш беру - жаңа өтініш беру;**
- **Менің өтініштерім - сіздің барлық өтініштеріңізді қарау;**
- **Бот туралы қысқаша анықтама - бот туралы ақпарат;**

"Өтініш жасау" батырмасын басқаннан кейін tazaqazaqstan.kz сайты ашылады және Сіздің қазіргі геопозицияңызды пайдалануға рұқсат сұралады, өзіңіздің орналасқан жеріңізді анықтау үшін "ОК" батырмасын басуыңыз керек. "Иә/Жоқ" батырмасын басу арқылы қалқымалы терезеде орналасқан орныңызды растаңыз





немесе басқа орналасқан орындау таңдау үшін “Жоқ/Нет” батырмасын басыңыз.






Егер сіз жоқ батырмасын бассanız, қалқымалы тізімнен қол жетімді аймақтардан орналасқан жеріңізді таңдаңыз. Содан кейін сіз таңдаған аймақ туралы хабарлама пайда болады.



Сайттың жоғарғы жағында сіз өзіңізге ыңғайлы сайт тілін таңдай аласыз. Сайтты бүкіл экранға шығару үшін оны жоғарғы жағынан созыңыз. Өтінішке фотосурет қосу үшін "Жүктеу" батырмасын басыңыз.



Сіз фотосуретті тікелей сайттан түсіре аласыз және оны өз құрылғыңыздан жүктей аласыз. "Құрылғыдан жүктеу" батырмасын басқан кезде фотосуретті қайдан жүктеу керектігін таңдаңыз. Галереяңыздан фотосуретті таңдаңыз немесе суретке түсіріңіз. Таңдалған сурет 1 фотосурет қосылды жазуымен экранға көрсетіледі.



Басқа фотосуретті қосу үшін "Жүктеу" батырмасын қайтадан басыңыз және процедураны қайталаңыз.


Өтініште сіз қосқан фотосуреттер көрсетіледі, егер сізге өтініштен фотосуреттердің кез келгенін алып тастау қажет болса, жою үшін фотосуреттің жоғарғы оң жағындағы жасыл крест батырмасын басыңыз.

Өтініш жасауды жалғастыру үшін "Келесі" батырмасын басыңыз.



Сізге өтінішті өңдеу қажет картада орналасқан жерді көрсету беті ашылады. Орналасқан жерді көрсету үшін картадағы нүктені басыңыз. Картаның масштабын сәйкесінше "+" және "-" пернелерін басу арқылы жақындатуға немесе алыстатуға, сондай-ақ қажет болған жағдайда картаны бүкіл экранға шығаруға болады.

Нүктені көрсеткеннен кейін "Келесі" батырмасын басыңыз.



Өтінішке сипаттаманы толтырыңыз, мәселені және не істеу керек екенін көрсетіңіз, содан кейін байланысу үшін мекенжай мен байланыс телефон нөміріңізді жазыңыз. Бұл қосымша ақпарат алу үшін қажет болуы мүмкін, мысалы егер орындаушы аталған мәселені таба алмаса. "Дайын"" батырмасын басқаннан кейін сіз өтініштеріңіз бар бетке кіресіз және бірегей нөмірмен өтініш жасау туралы хабарламаны аласыз.

11:40 TELEGRAM 4G 40%

Отмена Бот для подачи заявок (Таза... бот)

Таза Қазақстан RU

Abzhakov Ayan Выйти

Новая заявка

✓ Фото — ✓ Карта — 3 Описание

Описание

Мусор не вывозится больше двух недель, просим принять меры

Адрес

Ул. Валиханова 5

* Номер телефона для связи

+7 777-777-77-77

НАЗАД

ГОТОВО

11:40 TELEGRAM 4G 40%

Отмена Бот для подачи заявок (Таза... бот)

✓ Заявка создана

Сіздің өтінім жасалды. Өтінім нөмірі: DWH-808 | Ваша заявка создана. Номер заявки: DWH-808

Заявка DWH-808

от 28.06.24 11:40

Статус В очереди

Регион Астана

Адрес Ул. Валиханова 5


Описание Мусор не вывозится больше двух недель, просим принять меры

Фото


Отчет

+ НОВАЯ ЗАЯВКА

Сіз әрқашан өтінішіңіз туралы ақпаратты "Менің өтініштерім" тізімінен бірегей нөмір бойынша көре аласыз. Сіз өтінішке қоса берілген фотосуретті басу арқылы жүктелген фотосуретті үлкейте аласыз.






Оператор сіздің өтінішіңізді өңдегеннен кейін телеграм ботқа орындаушыны тағайындау туралы хабарлама келеді.



Содан кейін, орындаушы өтінішті орындаған кезде, сіз өтініштің орындалғаны туралы хабарламаны және өтініштің орындалғанына фото растау аласыз. Көрсетілетін қызметтерді жақсарту үшін

1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша орындалған жұмысты бағалау ұсынылады, мұнда 1 жұлдыз қанағаттанарлықсыз, ал 5 жұлдыз өте жақсы.

Бағалаудан кейін рейтингі бар хабарлама жоғалады және оның орнына көрсетілген қызметке түсініктеме қалдыру мүмкіндігі бар хабарлама пайда болады.



Дайын! Сіздің өтінішіңіз жабық.